



«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ

2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға,
ХҚЕС сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілік

Нұр-Сұлтан 2021

МАЗМҰНЫ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есеп.....	1
Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп	3
Жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп	4

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер мен есеп саясатының негізгі ережелері

1. Жалпы ақпарат	5
2. Қаржылық есептілігін дайындау негіздері.....	5
3. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу	7
4. Сегменттік есептілік.....	14
5. Табыстар	15
6. Өткізудің өзіндік құны.....	16
7. Өткізілім бойынша шығыстар.....	16
8. Жалпы өкімшілік шығындар	16
9. Құнсызданудан болған шығындар, нетто	17
10. Өзге операциялық табыс, нетто	17
11. Қаржылық шығындар, нетто	17
12. Табыс салығы.....	18
13. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	19
14. Қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестиция.....	20
15. Қолдануға шектелген ақша қаражаты	21
16. Тауарлы-материалдық қорлар.....	21
17. Берілген аванстар және өзге активтер	22
18. Сауда және өзге дебиторлық берешек.....	22
19. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері.....	23
20. Сатуға арналған активтер	23
21. Капитал.....	23
22. Қарыздар және қаржылық жалдау	24
23. Сауда және өзге кредиторлық берешек.....	25
24. Кепілдік міндеттемелері	26
25. Алынған аванстар.....	26
26. Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттардың таза түсімімен (шығысымен) салық салынғанға дейінгі шығынды салыстырып тексеру.....	26
27. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты	27
28. Шартты және өлеуетті міндеттемелер.....	30
29. Байланысты тараптармен жасалған операциялар	31
30. Топ туралы ақпарат	33
31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері.....	33
32. Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	37

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ акционеріне

Пікір

Біз «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі – «Топ»), осы құжатқа біріктірілген 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы бойынша шоғырландырылған есептен, кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық залал бойынша шоғырландырылған есептен, ақша қаражатының қозғалысы бойынша шоғырландырылған есептен, аталған күнге аяқталған жылдағы жеке капиталдағы өзгерістер бойынша шоғырландырылған есептен, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің ескертпелері мен шоғырландырылған есеп саясатының қысқаша сипаттауынан тұратын қаржылық есептілікке аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, табысталған шоғырландырылған қаржылық есептілік 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ, шаруашылық қызметінің нәтижелерін және аталған күнге аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттар (бұдан әрі - «ХҚЕС») талаптарына сәйкес барлық елеулі аспектілері бойынша шынайы қамтып көрсетеді.

Пікір білдіруге негіз

Біз Халықаралық Аудит Стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша аудит жүргізудегі аудитордың жауапкершілігі» тарауында баяндалған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлердің әдеп Кодексіне (бұдан әрі – «БХӘСК Кодексі») және Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша біздің аудитке қойылатын әдептік талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және осы аталған талаптарға және БХӘСК Кодексіне сәйкес басқа да әдептік міндеттемелерді орындадық. Біз пікіріміздің негізі бола алатын жұмыс барысында алынған аудиторлық дәлелдердің толық және дұрыс екендігіне кәміл сенімдіміз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызша, есептік кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есеп аудитіне аса маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер жалпы шоғырландырылған қаржылық есеп аудиті мен осы есеп жайлы пікірді қалыптастыру мәнмәтінінде қарастырылды. Біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Біз есебімізде назар аударуды қажет ететін келесі басты мәселелерді анықтадық:

Түсімді тану

Тәуекел Топ түсімнің көп бөлшегі мерзім ішінде сатып алушылармен болған сатудан болғандығын мойындайды. Келісім-шарттың аяқталу деңгейін талдауда және келісім-шарт бойынша активті мойындауда пайдаланылған басты жорамалдар басшылықтың бағалауына негізделген, сондықтан белгісіздікке ие.

Біздің шаралар Біздің аудиторлық процедуралар осы салада төмендегіні қамтыды:

- Біз Топтың түсімді мойындау процесін түсіндік;
- Біз сатып алушылармен жасалған келісім шарттарын зерттедік, келісімдердің стандарттан тыс шарттарын талдадық және Топтың түсімді мойындау тәсілін қарадық;
- Біз түсімнің айлық үрдісі мен жеке келісімдер бойынша түсімнің ауытқуын талдап, есептік күнге жақын түсімді мойындау тәсілін зерттедік;



Аудиттің басты мәселелері, жалғасы

- Біз басшылықтың келісім-шарттардың аяқталу деңгейін бағалауда пайдаланылатын жорамалдың негізділігін тексеру үшін аудиторлық процедураларды жүргіздік. Осындай жорамалдардың ішіндегілері – болжалды уақыт пен сатып алушылармен жасалған келісім-шарттарды жоюға кеткен шығындар;
- Біз сатып алушыларға сатудан болған түсімге қатысты ақпараттың сәйкестігі мен ашып көрсету толықтығын тексердік.

Өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервті мойындау

Тәуекел Топ өтімді және өтімсіз қорларды анықтау және резервтерді есептеу мақсатында қорлар теңгеріміне талдау жүргізеді. Сатудың болжалды мерзімі мен осындай активтердің өтелетін құнын талдау барысында пайдаланылған басты жорамалдар басшылық бағалауына негізделген, сондықтан белгісіздікке ие.

Біздің шаралар Біздің аудиторлық процедуралар осы салада төмендегіні қамтыды:

- Біз өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервті бағалау процесін түсіндік;
- Біз тауар-материалдық қорлар номенклатуралары бойынша айналымдылық коэффициентін талдадық;
- Біз инвентаризация кезінде тауар-материалдық қорлардың жағдайын бағаладық;
- Біз резервті бағалаудағы басшылық пайдаланатын жорамалдың негізділігін бағалау үшін аудиторлық процедуралар жүргіздік. Осындай жорамалдардың бірі – болжалды уақыт пен қорларды сату/утилизациялау құны, сондай-ақ, оларды альтернативті қолдану мүмкіндігі;
- Біз өтімсіз тауар-материалдық қорлар резервіне қатысты ақпараттың сәйкестігі мен ашып көрсету толықтығын тексердік.

Басқа мәліметтер

Топтың 2019 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл бойынша қаржылық есебін өзге аудитор тексерген, ол есеп бойынша 2020 жылдың 20 қарашасында ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары» және ХҚЕС 15 «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттан болған түсім» ережелерінен ауытқуына байланысты ескертуі бар пікір білдірген.

2020 жылдың қаржылық есебіне аудит жүргізу барысында біз салыстырмалы көрсеткіштердің түзетпелерін тексердік, атап айтқанда, бұрынғы аудитордың ескертуін жою үшін 2018 жыл мен 2019 жылдың 31 желтоқсанына сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша болжалды несие шығындары мен активтерін есептедік. Бұл түзетпелер жеке қаржылық есептің 3 ескертуінде келтірілген, және, біздің пікіріміз бойынша олар орынды және тиісті түрде жасалған. Біз түзетпелерді тексеруден басқа Топтың 2019 жылғы жеке қаржылық есебіне аудит, толық тексеру немесе кез келген басқа процедураларды жүргізбедік, сондықтан 2019 жылдың қаржылық есебіне пікір білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Топ Басшылығы ХҚЕС сәйкес осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және шынайы табыстау, сондай-ақ, Топтың пікірінше ықылассыз әрекеттер немесе қателерден болатын елеулі бұрмалауы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін, үздіксіз қызметке қатысты мәліметтерді тиісті жағдайларда жария ету үшін және Басшылық Топты жоюды, қызметін тоқтатуды көздеу жағдайларын немесе қызметті жою мен тоқтатудан басқа баламаның жоқтығының болмағандығын есепке алмағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті дайындау үшін жауапты болып табылады.

Топ Басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесін бақылау үшін жауапты болып табылады.



Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудитордың жауапкершілігі

Біздің аудитіміздің мақсаты шоғырландырылған қаржылық есептілікте ықылассыз әрекеттер немесе қателер нәтижесінде пайда болатын жалпылай маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы толықтай сенімділікке ие болу және пікірімізді білдіретін тәуелсіз аудиторлар есебін шығару. Жеткілікті сенімділік сенімділіктің жоғарғы деңгейі болып табылады, алайда, ХАС сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалауларды, егер бар болса, әрқашан анықтай алатындығына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаулар ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алуы мүмкін, және, егер басқалардан бөлек немесе бірге шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне ықпал ете алса, олар маңызды деп қаралады.

Біздің аудитте ХАС сәйкес кәсіби пайымдаманы қолданамыз және аудитті жоспарлау мен жүргізу барысында кәсіби күмәншілдік қағидасын басшылыққа аламыз. Сонымен қатар:

- Ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалау қауіптерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерді табу үшін аудиторлық тәсілдерді жасаймыз және қолданамыз, және өз пікірімізді білдіру үшін толық және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қауіп қателер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қаупінен жоғарырақ, өйткені ықылассыз әрекеттерге келісім, алдау, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап беру немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері жатады;
- Аудит процесінде қолдану үшін қалыптасқан жағдайда пайдалана алатын аудиторлық тәсілдерді жасау мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, ішкі бақылау жүйесін зерттейміз;
- Қолданыстағы есеп саясатының дұрыстығын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін, басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын зерттейміз;
- Басшылықтың қызмет үздіксіздігі қағидасын қолдану заңдылығы туралы және Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайдарларға байланысты елеулі белгісіздікті анықтайтын аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Елеулі белгісіздіктің бар екендігіне көз жеткізген жағдайларда біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалатын ескертпелерге назар аударуымыз қажет немесе тиісті деңгейде ақпаратты ашпау жағдайында пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің тұжырымымыз есебіміздің дайындалу күніне алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешектегі оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыра алу қабілетіне әсер етуі мүмкін;
- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы құрамын, құрылымын және мазмұнын, сонымен қатар, ақпараттың ашылуын, осыған негізделген операциялар мен оқиғалардың дұрыстығын қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін жауаптымыз.

Біз Топты басқаратын тұлғаларға жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудит барысында көзге түскен маңызды аудиторлық ескертүлер, ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабар береміз.

Біз сонымен қатар басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық, сондай-ақ осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етеді деп дәлелді түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.




Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудитордың жауапкершілігі, жалғасы

Біз басқару өкілеттігіне ие тұлғалар назарына жеткізілген мәселелердің ішінен ағымдағы кезеңнің қаржы есептілігі аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуі мәселелері болып табылған мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе мұндай ақпаратты хабарлаудың кері салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түседі деп болжам жасауға болатын, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екіндігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, бұл мәселелерді аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз.

Бекітемін


Серик Кожикенов
Жоба жетекшісі
Аудитор, біліктілік куәлігі № 0000557, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен 2003 жылдың 24 желтоқсанда берілген
Атқарушы директор
«Moore Stephens Kazakhstan» ЖШС
15 шілде 2021 жыл




Николай Славянинов
Жобаның тексеруші серіктесі
Қоғамдық бухгалтер сертификаты (CPA)
№ 10018, Орегон, Америка Құрама Штаттары
2001 жылғы 20 тамызда берілген

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен 2020 жылдың 9 маусымында берілген аудиторлық қызметпен айналысу құқығын беретін №20008067 мемлекеттік лицензия



«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ
Кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есеп
2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген
мың теңге			
Табыстар	5	99,918,766	87,734,046
Өткізудің өзіндік құны	6	(88,803,765)	(82,104,219)
Жалпы табыс		11,115,001	5,629,827
Өткізілім бойынша шығыстар	7	(1,269,375)	(1,010,706)
Жалпы өкімшілік шығындар	8	(4,654,950)	(4,203,768)
Құнсызданудан болған шығындар, нетто	9	(3,939,825)	(1,927,095)
Өзге операциялық табыс, нетто	10	1,500,316	523,788
Операциялық табыс (шығын)		2,751,167	(987,954)
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындар кірістерінің (залалдарының) үлесі	14	1,171,596	(462,242)
Қаржылық шығындар, нетто	11	(2,319,474)	(2,931,608)
Бағам айырмадан шығын		(828,697)	(29,447)
Салық салынғанға дейінгі табыс (шығын)		774,592	(4,411,251)
Табыс салығы бойынша шығын	12(a)	(310,686)	(2,486,006)
Жыл ішіндегі табыс (шығын)		463,906	(6,897,257)
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кірістің жиыны		-	-
Жыл ішіндегі жиынтық кірістің (шығынның) жиыны		463,906	(6,897,257)
Жататын:			
Компания Акционерлеріне		377,583	(6,985,327)
Бақыланбайтын үлес		86,323	88,070

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топтың басшылығы 2021 жылдың 15 шілдесінде бекітіп, оның атынан қол қойған:



Мухтар Керейбаев
Басқарма төрағасы



Дмитрий Ли
Басқарушы директор



Гульвира Икматова
Бас бухгалтер

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген	2018, қайта есептелген
АКТИВТЕР				
Айналымнан тыс активтер				
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	13	43,625,220	18,363,062	14,654,347
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		254,696	260,574	266,452
Материалдық емес активтер		314,028	337,339	267,798
Қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестиция	14	7,165,569	7,024,271	7,556,078
Кейінге қалдырылған салық активтері	12(ә)	1,687,015	887,475	2,805,686
Берілген қарыздар	27(б)	2,101,514	2,095,796	1,818,741
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	15	2,839,589	–	–
Өзге ұзақ мерзімді активтер		1,855,503	551,265	734,445
		59,843,134	29,519,782	28,103,547
Ағымдағы активтер				
Тауарлы-материалдық қорлар	16	15,653,532	14,890,482	16,244,579
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		627,366	543,628	340,830
Берілген аванстар және өзге активтер	17	28,614,546	55,761,553	6,884,649
Сауда және өзге дебиторлық берешек	18	6,772,210	4,443,753	1,080,362
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	15	821,413	–	–
Банк депозиттері		51,333	314,547	679,512
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	19	30,698,097	10,865,218	11,139,676
		83,238,497	86,819,181	36,369,608
Сатуға арналған активтер	20	104,391	4,305,257	4,305,257
		143,186,022	120,644,220	68,778,412
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ				
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Акционерлік капитал	21(а)	57,118,832	26,276,802	24,776,802
Қосымша төленген капитал		412,406	412,406	412,406
Өтелмеген залал		(15,978,400)	(15,349,072)	(8,359,027)
Компания акционерлерінің үлесі		41,552,838	11,340,136	16,830,181
Бақыланбайтын үлес		879,720	843,861	795,474
		42,432,558	12,183,997	17,625,655
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Қарыздар және қаржылық жалдау	22	–	628,964	10,461,833
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	285,869	707,115	4,401,525
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер		731,873	399,600	358,779
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемесі	12(ә)	433,714	502,866	538,494
Кейінге қалдырылған кіріс - мемлекеттік субсидия		–	–	723,503
		1,451,456	2,238,545	16,484,134
Ағымдағы міндеттемелер				
Қарыздар және қаржылық жалдау	22	28,926,022	29,361,594	18,665,642
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	13,176,458	17,591,426	3,891,327
Кепілдік міндеттемелері	24	2,979,947	217,605	–
Алынған аванстар	25	53,386,433	58,328,596	11,518,183
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер		492,834	567,740	545,390
Төленетін табыс салығы		340,314	154,717	48,081
		99,302,008	106,221,678	34,668,623
		100,753,464	108,460,223	51,152,757
		143,186,022	120,644,220	68,778,412
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ				
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ				

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Ақша қаражатының сатып алушылардан түсімі		103,831,649	141,803,730
Ақша қаражатының қызметкерлерге төлемі		(8,529,776)	(8,220,814)
Басқа салықтар мен әлеуметтік төлемдер		(8,117,832)	(5,269,671)
Ақша қаражатының жеткізушілерге төлемі		(66,221,526)	(128,093,687)
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының табыс салығын төлеу алдындағы түсімі	26	20,962,515	219,558
Алынған пайыздар		1,072,436	699,780
Төленген пайыздар		(218,759)	(1,632,288)
Табыс салығы төленген		(808,682)	(493,543)
Операциялық қызмет бойынша түскен (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		21,007,510	(1,206,493)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу		(7,014,284)	(2,382,922)
Негізгі құрал-жабдықтарды сатудан келген түсімдер		12,015	45,500
Материалдық емес активтерді сатып алу		(58,912)	-
Еншілес және қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлестерін сатудан түсетін түсімдер		2,769,280	2,978,641
Банк депозитін ұлғайту		263,214	769,567
Алынған дивидендтер	14	119,365	69,565
Инвестициялық қызмет бойынша (пайдаланылған) түскен таза ақша қаражаты		(3,909,322)	1,480,351
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Акциялар шығару	21(a)	2,715,570	1,500,000
Қарыздар бойынша түсімдер	22	4,228,378	4,772,867
Қарыздарды өтеу	22	(8,223,443)	(6,789,872)
Дивидендтерді төлеу		(50,464)	(60,951)
Қаржылық қызмет бойынша пайдаланылған таза ақша қаражаты		(1,329,959)	(577,956)
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаюы)		15,768,229	(304,098)
Поступление организаций, находящихся под общим контролем	21(г)	4,068,127	-
Ақша қаражаты және олардың баламаларына валюта бағамдарының өзгеруінің ықпалы		(3,477)	29,640
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері		10,865,218	11,139,676
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	19	30,698,097	10,865,218

Тура және жанама әдіс бойынша жиналған операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының ағымын салыстыру мен ақшасыз операциялар 26 ескертпеде көрсетілген.



«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ
Капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп
 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

Ескертпе	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өтелмеген залал	Компания акционерлерінің үлесі	Бақыланбайтын үлес	Барлығы
мың теңге						
2019 жылдың 1 қаңтарына						
Табыс салығын шегеру кейінгі қателерді түзету,						
2019 жылдың 1 қаңтарына, қайта есептелген						
Жыл ішіндегі жынтық залал, қайта есептелген						
Акциялар шығару						
Жарияланған дивидендтер						
Өзге						
2019 жылдың 31 желтоқсанына, қайта есептелген	26,276,802	412,406	(15,349,072)	11,340,136	843,861	12,183,997
Жыл ішіндегі жынтық кіріс	-	-	377,583	377,583	86,323	463,906
Акциялар шығару	30,842,030	-	-	30,842,030	-	30,842,030
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(50,464)	(50,464)
Ұйымдардың жалпы бақылаудағы түсімі	-	-	(1,006,911)	(1,006,911)	-	(1,006,911)
2020 жылдың 31 желтоқсанына	57,118,832	412,406	(15,978,400)	41,552,838	879,720	42,432,558
3(в)	24,776,802	841,018	(7,724,815)	17,893,005	661,904	18,554,909
		(428,612)	(634,212)	(1,062,824)	133,570	(929,254)
	24,776,802	412,406	(8,359,027)	16,830,181	795,474	17,625,655
21(а)	-	-	(6,985,327)	(6,985,327)	88,070	(6,897,257)
	1,500,000	-	-	1,500,000	-	1,500,000
21(ә)	-	-	-	-	(39,683)	(39,683)
	-	-	(4,718)	(4,718)	-	(4,718)

1. Жалпы ақпарат

(а) Мекеме және қызмет

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы наурыздағы қаулысымен құрылған акционерлік қоғам. Компанияның негізгі кеңсесі келесі мекен-жай бойынша тіркелген және орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Керей-Жәнібек хандар, 12А.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп Компания мен оның еншілес мекемелерін қамтиды (бұдан әрі – «Топ»). Компанияның еншілес мекемелері 30 ескертуде көрсетілген. Топтың жалғыз акционері мен соңғы бақылау тарабы Қазақстан Республикасының индустрия мен инфрақұрылымдық даму министрлігі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Топтың негізгі қызмет түрлері:

- қорғаныс, қосарлы және азаматтық қолданыстағы тауарлар мен құрал-жабдықтарды дамыту, өндіру, ату және жою жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- ішкі сұранысты және экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және қосарланған өнімдерді дамыту мен өндірудің ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен басқа әскери бөлімдеріне әскери техниканы және қос мақсаттағы өнімдерді өндіру және импорттау, сондай-ақ оларды экспорттау;
- әскери-өнеркәсіптік кешенді конверсиялау бағдарламалары мен даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын орындауға қатысу; жұмылдыру резервтерін құру және сақтау жөніндегі жоспарлар қалыптастыру және іске асыру;
- мұнай мен газ, теміржол, авиация, ауыл шарушылық, кеме жасау құрал-жабдықтарын өндіру, азаматтық мақсаттағы тауарларды өндіру.

2020 жылдың 31 желтоқсанында Топта 4,462 адам (2019: 4,165 адам) қызмет атқарған.

(ә) Қазақстанда шаруашылық қызмет атқару шарттары

Топтың қызметі негізінде Қазақстанда шоғырланған. Демек, Топ Қазақстанда бизнес жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдер төрізді елдік тәуекелге бейім. Аталған тәуекелдерге үкіметтің саясатынан, экономикалық жағдайлардан, салық пен реттеуге қатысты енгізулер немесе өзгерістерден, валюталық бағамның ауытқуынан және келісім-шарттық құқықтарды орындауды қамтамасыз етуден туындайтын мәселелер жатады.

Осында қоса тіркелген қаржылық есептілік Қазақстандағы Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына экономикалық шарттардың әсер етуін басшылықтың зерттеуін қамтып көрсетеді. Келешектегі экономикалық шарттар басшылық зерттеуінен өзгеше болуы мүмкін.

2. Қаржылық есептілігін дайындау негіздері

(а) ХҚЕС сәйкестік жайлы мәлімдеме

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі – «ХҚЕС») жөніндегі Кеңес шығарған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «КХҚЕС») және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі Комитеттің (бұдан әрі – «ХҚЕСТК») түсіндірмелеріне сәйкес дайындалған.

(ә) Үздіксіздік қағидасы

Осы қаржылық есептілік топ өз қызметін үздіксіздік негізінде жалғастыратыны туралы болжамның негізінде дайындалды.

32 ескертуде көрсетілгендей, Топ негізгі қарыз берушілер – Қазақстан Халық банкі мен «Самұрық Қазына» ҰӘҚ кредиторлардан алған қарыздар үлесінің пропорциясы бойынша 2,5 жыл ішінде қарыздарды қайтару шарттары арқылы борыштың құрылымын қайта қарауға үш жақты келісімге қол қоюға дайындалуда. Топ 2021-2025 жылдар арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру жоспары аясында жоспарланған еншілес мекемелердегі үлестерін сату арқылы борышты өтеуді қаржыландыруды жоспарлайды.

Басшылық Топтың қаржылық жағдайын, алынған қарыздар мен берешекті өтеу мерзімдерін ұзартуға қатысты қарыз берушілермен келіссөз жүргізудің алдын ала нәтижелерін бағалап, Топтың қаражатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті қаржы бар екендігіне сенімді. Басшылық осы қаржылық есепті дайындау барысында үздіксіз қызмет қағидасын пайдалануды жалғастырады.

2. Қаржылық есептілігін дайындау негіздері, жалғасы

(б) Өлшеу негіздері

Осы Шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн арқылы есеп қағидасына сәйкес дайындалған.

(в) Шоғырландыру негіздері

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар, Топтың 2020 жылдың 31 желтоқсанға аяқталған жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштерін көрсетеді.

Еншілес мекемелер – Топтың бақылауындағы мекемелер. Егер осы мекемені басқаруға қатысудан Топтың алатын табысына ерекше әсер ететін мекеменің қызмет түрлерін тікелей немесе жанама басқару құқығы болса, бақылау жүргізледі. Еншілес мекемелердің қаржылық есебі Топ бақылауына өткен күннен бастап шоғырланады да, бақылаудың нақты тоқтау күнінен бастап шоғырланбайды. Топ мекемені бақылауды тоқтатқан жағдайда, қатысу үлесі табыс пен шығынға қатысты теңгерімдік құнды түзету арқылы әділ құнға дейін қайта бағаланады. Әділ құн қауымдастырылған компания, біріккен мекеме немесе қаржы активі ретінде иелік етілген үлесті кейін есептеу мақсатында алғашқы теңгерімдік құн ретінде қабылданады. Сонымен қатар, осы мекемеге қатысты өзге жалпы табыс құрамында бұрын танылған кез келген сома, Топ тиісті активтер немесе міндеттемелерді тікелей сатқан тәрізді, есепке алынады. Мұндай көрініс өзге жалпы табыста бұрын танылған сомалар табыс пен шығынға жататындығын білдіреді.

Еншілес мекемелердің қаржылық есебі біркелкі есеп саясатына сәйкес Топ есебі дайындалатын кезеңге шығарылады. Барлық ішкі топтық шоттар мен операциялар, сондай-ақ, ішкі топтық операциялардан түскен іске асырылмаған табыстар, толықтай есептен шығады. Өткізілмеген шығындар іске асырылмаған табыс секілді есептен шығады, алайда құнсыздану белгісі жоқ көлемде ғана есептен алынады.

(г) Қолданыстағы валюта мен ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы – қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге»), ол Топтың қолданыстағы валютасы, сонымен қатар осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Теңгемен берілген барлық қаржылық ақпарат мыңға (бұдан әрі – «мың теңге») дейін ықшамдалған.

(ғ) Жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қабылдау

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген келесі стандарттар мен түзетулерді қолданды:

- ХҚЕС 3 «Бизнесті анықтау» түзетулері;
- ХҚЕС 7, ХҚЕС 9 және ХБЕС 39 «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» түзетулері;
- ХБЕС 1 және ХБЕС 8 «Маңыздылықты анықтау» түзетулері;
- Қаржылық есептілікті дайындаудың тұжырымдамалық негізі.

Жоғарыда аталмыш стандарттар мен түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

(д) Өлі қолданысқа қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті даярлау кезінде Топ жаңадан жарияланған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді алдын-ала қолданбады. Бұл стандарттар мен түсіндірмелер Топтың қаржылық есептілігіне әсер тигізбейтіндігі болжанған.

(е) Есептік бағалау мен жорамалды қолдану

Осы ХҚЕС сәйкес жасалған қаржылық есептілікті дайындау барысында Топ басшылығы активтер мен міндеттемелерді қамтып көрсету және шартты активтер мен міндеттемелер жайлы ақпаратты ашып көрсету мәселелеріне байланысы бар кәсіби пікірді, жорамалды және есептік бағалауды пайдаланған. Нақты нәтижелер осы бағалаудан өзгеше болуы ықтимал.

Жорамалдар мен оның негізінде жасалған есептік бағалаулар әрдайым оларды өзгерту қажеттілігін тексеру үшін талдауға түседі. Есептік бағалаудағы өзгерістер осы бағалау қайта қаралған уақыттағы есеп кезеңінде және осы өзгерістер әсер ететін барлық келесі кезеңдерде танылады.

2. Қаржылық есептілігін дайындау негіздері, жалғасы

Төмендегі ескертпелерде, атап айтқанда, белгісіздік бағалауын қажет ететін негізгі салалар, есеп саясаты ережелерін қолдану барысында туындаған және қаржылық есептілікте қамтып көрсетілген сомаларға едәуір ықпал тигізген аса маңызды пікірлер жайлы ақпарат берілген:

- Ескертпе 5 – Табыстар. Басшылық шарт бойынша келісімшарттар мен активтердің аяқталу дәрежесін бағалауды жасады;
- Ескертпе 12 – Табыс салығы. Басшылық салық органдары тексере алатын салық міндеттемелерінің толықтығын және уақыт айырмашылықтарының іске асырылу уақытын бағалауды жасады;
- Ескертпе 13 – Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар. Бағалау активтердің пайдалы қызмет мерзімін анықтау кезінде жасалды;
- Ескертпе 15 – Қолдануға шектелген ақша қаражаты. Басшылық банк депозиттері бойынша нарықтық ставкалар негізінде пайдалануда шектелген ақшалай қаражаттың әділ құнына және күтілетін кредиттік шығындарға қатысты баға берді;
- Ескертпе 16 – Тауарлы-материалдық қорлар. Бағалау өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерге қатысты жасалған;
- Ескертпе 17 – Берілген аванстар және өзге активтер. Басшылық күмәнді берешекке қатысты баға берді;
- Ескертпе 18 – Сауда және өзге дебиторлық берешек. Басшылық күтілетін несиелік шығындарға баға берді;
- Ескертпе 24 – Кепілдік міндеттемелері. Бағалау өткен оқиғалардан туындайтын міндеттемелер бойынша резервтердің толықтығына қатысты жасалды, оны реттеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың ұйымнан шығуына әкеп соғады деп күтілуде;
- Ескертпе 27 – Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты. Әділ құнды талдау болашақ ақша ағындарын және дисконттау мөлшерлемелерін бағалауға негізделген;
- Ескертпе 28 – Шартты және әлеуетті міндеттемелер. Бұл ашу менеджменттен міндеттемелерді бағалауды және болашақта ақша қаражатының кету ықтималдығын анықтауды талап етеді.

(ж) Салыстырмалы деректер

Жыл барысында қаржылық есепті табыстаудың форматы өзгергенде салыстырмалы деректерге табыстаудың жаңа форматына сәйкес тиісті өзгертулер енгізіледі.

Осы өзгертулер қаржылық жағдай туралы есептемеде төмендегіні қамтыды:

- берілген қарыздар сауда және өзге дебиторлық берешектен бөлек бапта көрсетілген;
- берілген аванс, өтелетін өзге салықтар пен өзге ағымдағы активтер құрамына енді;
- табыс салығы бойынша алғытөлем және өзге ағымдағы активтер бір бапқа біріктірілген;
- төленетін артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер өзге ағымдағы міндеттемелерден бөлек бапта көрсетілген;
- Кепілдік міндеттемелері өзге ағымдағы міндеттемелерден бөлек бапта көрсетілген;
- сауда кредиторлық берешек, өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер, өзге салық бойынша берешек және өзге ағымдағы міндеттемелер сауда және өзге кредиторлық берешек құрамына енгізілді.

Салыстырмалы деректер өзгерісі табыс пен шығыс есептемеде төмендегіні қамтыды:

- құнсызданудан болған шығындар жеке бапта көрсетілген;
- қаржылық табыс пен шығыс нетто негізде көрсетілген.

Топ 32 ескертуде байланысты тараптармен жасалған операцияларды ашып көрсетуді дайындау барысында Топқа едәуір әсер ететін мемлекеттік органдармен және осындай мемлекеттік органдардың бақылауындағы басқа ұйымдармен жасалған операцияларды бөлек көрсетті.

3. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

(а) Өткен кезеңдердегі қателер

Өткен кезеңдердегі қателер – қаржылық есепті бекіту күнінде болған ақпаратты қолданбау немесе дұрыс емес қолдану салдарынан туындайтын қаржылық есептегі қалдырып кетулер немесе бұрмалаулар, оған қоса, осы ақпарат негізді түрде алынып, қаржылық есепті дайындау және ұсыну кезінде қаралуы мүмкін еді.

Өткен кезеңдегі қателер қате орын алған кезеңдегі салыстырмалы деректерді қайта есептеу арқылы ретроспективті түрде түзетіледі

3. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу, жалғасы

Болжанған несиелік шығындар резервін тану

Топ, 2018 жылы 1 қаңтарда күшіне енген ХҚЕС 9 «Қаржылық құралдар» талаптарына сәйкес, берілген қарыз, сауда және өзге дебиторлық берешекке қатысты болжанған несиелік шығындар резервін мойындады. Осы жұмыс аясында Топ берілген қарыз бен инвестицияның әділ құнының біріккен және қауымдастырылған мекемелерге өсерін де анықтап, берілген аванс пен өзге ағымдағы активтер құрамынан біраз қаржы активтерін бөліп көрсетті.

Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша түсімді тану

Топ, 2018 жылы 1 қаңтарда күшіне енген ХҚЕС 15 «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша түсім» талаптарына сәйкес, 2019 және 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған есеп күндеріне орындалуға тиіс міндеттемелерді орындау деңгейінің толықтығын бағалай отырып, сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша түсімді кезең ішінде мойындады. Осы жұмыс аясында Топ, сонымен қатар, алынған аванспен бірге келісім-шарттық активтерді есепке алды.

Шыққан топты шоғырландырудағы қате

2018 жылдың шілде айында Компания «Қазақстан авиациялық индустрия» ЖШС 50% қатысу үлесін мәміле құнының 70% бөліп төлеу шарты арқылы берген. Кейінірек, мәміле құнын толық төлеуге, сәйкесінше иелік ету құқығын беруге дейін тараптар 2018 жылдың 10 желтоқсанында аталған үлесті сенімді басқару келісінде қол қойды. Осы күннен бастап, Компания аталған еншілес мекеменің қызметін басқаруды тоқтатты, және оны мәміле тараптарының бірігіп басқаруына өкеліп соқтырды. Нәтижесінде, 2018 жылдың желтоқсанынан осы компанияның қаржылық есебінің баптары осы шоғырландырылған қаржылық есептен алынған және бұл инвестиция қатысу үлесі тәсілі бойынша есепке алынған.

Кепілдік міндеттемелерін тану

Топ өндірістік жарақат алған бұрынғы жұмысшылардың денсаулығына зиян келтіргені үшін өтеу бойынша, сондай-ақ, артықшылық берілген акция иелеріне дивидендтің кепілденген мөлшерін Кепілдік міндеттемелерін мойындады. Аталған күндерге аяқталған жылдардағы табыс пен шығыс туралы есептемедегі дисконт амортизацияның қаржы шығындарына өсері өте төмен.

Біріккен ұйымдардағы табыс пен шығын үлесі

Топ біріккен ұйымдардағы табыс пен шығын үлесін қайта есептеді.

Еншілес компания міндеттемелері бойынша резервті есептен шығару

Топ еншілес компания қарызы бойынша кепілдік міндеттелемері резервін есептен шығарды.

Өзге

Топ төмендегі қателер салдарынан қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептеменің баптарын қайта есептеді:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде операциялық жалға берілген өкімшілік ғимарат бөлігінің құнына классификациялау.
- Филиалдардың ішкі сауда кредиторлық берешегін есепке алмау.
- Тану критериясына сәйкес емес ретінде жоғарғы жылдамдықтағы катердің өндірістік үлгісін өзірлеудің материалдық емес активты құнын есепке алмау.
- Еншілес ұйымның қосымша төленген капиталын есептен шығару.
- Өтімсіз тауар-материалдық қор бойынша қосымша резерв.

Кейінге қалдырылған табыс салығын қайта есептеу

Жоғарыда аталған қателерді қайта есептеу нәтижесінде кейінге қалдырылған салық активі мен табыс салығы бойынша шығындардың теңгерімі қайта қаралды.

3. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу, жалғасы

(е) 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық залал жөніндегі шоғырландырылған есеп

2019 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылға кірістер мен шығыстар және басқа да жиынтық кіріс жөніндегі есептің қателіктері бар баптары және оларды қайта есептеу төмендегі кестеде берілген:

мың теңге	2019, қайта есептеуге дейін	Күтілетін кредиттік зияндар бойынша резервтер	Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді тану	Бірлескен кәсіпорындар кірістерінің (залалдарын) үлесі	Еншілес компанияның міндеттемесін жою	Кепілдік міндеттемелерін тану	Шығу тобын біріктіру қатесі	Кейінге қалдырылған салықты қайта есептеу	2019, қайта есептелген
Табыстар	95,196,305	-	2,215,769	-	-	-	(9,678,028)	-	87,734,046
Өткізудің өзіндік құны	(85,493,170)	-	(3,403,420)	-	-	-	6,792,371	-	(82,104,219)
Жалпы табыс	9,703,135	-	(1,187,651)	-	-	-	(2,885,657)	-	5,629,827
Өткізілім бойынша шығыстар	(1,057,987)	-	-	-	-	-	47,281	-	(1,010,706)
Жалпы өкімшілік шығындар	(6,246,493)	-	-	-	687,876	(7,718)	1,362,567	-	(4,203,768)
Құнсызданудан болған шығындар	(3,027,190)	1,100,095	-	-	-	-	-	-	(1,927,095)
Өзге операциялық табыс, нетто	337,280	-	-	-	-	-	186,508	-	523,788
Операциялық шығын	(291,255)	1,100,095	(1,187,651)	-	687,876	(7,718)	(1,289,301)	-	(987,954)
Бірлескен және Қауымдасқан кәсіпорындар кірістерінің (залалдарының) үлесі	21,125	-	-	(483,367)	-	-	-	-	(462,242)
Қаржылық шығындар, нетто	(3,030,676)	99,068	-	-	-	-	-	-	(2,931,608)
Бағам айырмадан шығын	9,854	-	-	-	-	-	(39,301)	-	(29,447)
Салық салынғанға дейінгі шығын	(3,290,952)	1,199,163	(1,187,651)	(483,367)	687,876	(7,718)	(1,328,602)	-	(4,411,251)
Табыс салығы бойынша шығын	(1,703,856)	-	-	-	-	-	-	(782,150)	(2,486,006)
Жыл ішіндегі таза шығын	(4,994,808)	1,199,163	(1,187,651)	(483,367)	687,876	(7,718)	(1,328,602)	(782,150)	(6,897,257)

3. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу, жалғасы

(б) 2019 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп

Компанияның 2019 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайы жөніндегі есебінің қателіктері бар баптары және оларды қайта есептеу төмендегі кестеде берілген:

	2019, қайта есептеуге дейін	Күтілетін кредиттік зияндар бойынша резервтер	Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді тану	Бірлескен кәсіпорындар кірістерінің (залалдарын ын) үлесі	Еншілес компанияның міндеттемесін жою	Болашақ төлемдер бойынша резервтер	Шығу тобын біріктіру қатесі	Кейінге қалдырылған салықты қайта есептеу	Өзге есептелген	2019, қайта есептелген
Айныман тыс активтер										
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	26,467,734	-	-	-	-	-	(7,844,098)	-	(260,574)	18,363,062
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	-	-	-	-	-	-	-	-	260,574	260,574
Материалдық емес активтер	456,982	-	-	-	-	-	(22,786)	-	(96,857)	337,339
Қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестиция	5,182,821	-	-	(1,629,330)	-	-	3,470,780	-	-	7,024,271
Кейінге қалдырылған салықтық актив	2,503,879	-	-	-	-	-	-	(1,616,404)	-	887,475
Берілген қарыздар	-	(1,090,887)	-	-	-	-	-	-	3,186,683	2,095,796
Өзге ұзақ мерзімді активтер	885,412	-	-	-	-	-	(334,147)	-	-	551,265
	35,496,828	(1,090,887)	-	(1,629,330)	-	-	(4,730,251)	(1,616,404)	3,089,826	29,519,782
Ағымдағы активтер										
Топ басшылығы тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және осы жүйенің жұмысын қадағалау үшін толығымен жауап береді. Топтың тәуекелдерді басқару саясаты Топқа әсері тиетін тәуекелдерді анықтауға және талдауға, қолайлы тәуекелдік шектерін және тиісті бақылау тетіктерін белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдерді бақылауға және белгілі бір шектеулерді сақтауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері нарық жағдайында және Топтың операциялары өзгеруіне байланысты өзгерістердің қажеттігін анықтау үшін үнемі қайта қаралады. Топ барлық қызметкерлері өздерінің рөлі мен жауапкершілігін түсінетін тәртіпті және тиімді басқару жүйесін құру үшін оқыту мен басқарудың стандарттары мен рәсімдерін белгілейді. Топ басшылығы Топтың тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдеріне сәйкестігін бақылап отырады және Топқа әсер ететін тәуекелдерге қатысы бар тәуекелдерді басқару жүйесінің сәйкес келетіндігін талдайды.

(ә) Қаржы активтері мен міндеттемелерінің санаттары мен әділ құны

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің санаттары

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген
Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржылық активтер			
Берілген қарыздар		2,101,514	2,095,796
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	15	3,661,002	–
Сауда және өзге дебиторлық берешек	18	6,786,800	4,456,262
Банк депозиттері		51,333	314,547
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	19	30,698,097	10,865,218
		43,298,746	17,731,823
Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер			
Қарыздар және қаржылық жалдау	22	(28,926,022)	(29,990,558)
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	(8,733,062)	(16,957,609)
Кепілдік міндеттемелері	24	(2,861,164)	(217,605)
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер		(1,224,707)	(967,340)
		(41,744,955)	(48,133,112)

Әділ құны

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың теңгерімдік құнына тең.

(б) Несиелік тәуекел

Несие тәуекелі – бұл қаржы құралы бойынша сатып алушы немесе контрагенттің келісім-шарттық міндеттемелерін орындауымен болатын Топта қаржы шығынының туындау тәуекелі. Бұл тәуекел негізінен Топтың өзге қаржылық активтер, сауда және басқа да дебиторлық берешекке және ақшалай қаражатқа байланысты. Қаржы активтерінің теңгерімдік құны несиелік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы белгісі бола алады.

27. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

31 желтоқсандағы несиелік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы белгісі төмендегідей:

мың теңге	2020	2019, қайта есептелген
Берілген қарыздар	2,101,514	2,095,796
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	3,661,002	–
Сауда және өзге дебиторлық берешек	6,786,800	4,456,262
Банк депозиттері	51,333	314,547
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері (кассадағы ақша қаражатын шегергенде)	30,668,260	10,849,370
	43,268,909	17,715,975

Берілген қарыздар

Берілген қарыздар қауымдасқан компанияның берешегімен берілген. Осындай қарыздарды беру туралы шешім қабылдаған кезде топ осы қарыздар бойынша жалпы кредиттік тәуекел топтың бөлінетін резервтерінен аспайтынына көз жеткізу үшін талдау жүргізеді.

Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы толығымен Қазақстандағы дебиторларға жатады.

Топ қарыз беру сәтінде берілген қарыздардың құнсыздануына бағалау резервін құрады, ол күтілетін кредиттік шығындар шамасының есептік бағасын білдіреді. 31 желтоқсанға төлем мерзімі бойынша қарыздар:

мың теңге	2020	2019, қайта есептелген
Мерзімі өткен	2,802,745	3,186,683
Күтілетін шығындар пайызы	25%	34%
Құнсыздану	(701,231)	(1,090,887)

Сауда және өзге дебиторлық берешек

Топтың несиелік тәуекелге бейімділігі негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты болады. Бұл сауда дебиторлық берешек бөліп төлеу шарты бойынша жұмыс істейтін сатып алушыларға жатады. Компания күмәнді қарыздарды азайту үшін дебиторлық берешекті тұрақты түрде бақылайды.

Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы толығымен Қазақстандағы сатып алушыларға жатады. 2020 жылы Топ кірістерінің 76% (2019: 80%) мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарына тиесілі болды. Бұл тапсырыстарға тәуелділік айтарлықтай және олар жоғалған жағдайда мүмкін болатын теріс салдарлар айтарлықтай болуы мүмкін.

Топ дебиторлық берешектің құнсыздануына қатысты резервті болжалды несиелік шығындардың көлемін есептік бағалау негізінде құрады. 31 желтоқсандағы пайда болу мерзімі бойынша сауда берешегі:

мың теңге	Болжамды		
	Барлығы	залал пайызы	Құнсыздану
2020			
Мерзімі өтпеген	5,072,375	2%	80,031
90 күнге дейін мерзімі өткен	447,888	4%	19,986
91 күннен 180 күнге дейін мерзімі өткен	198,454	56%	111,632
181 күннен 270 күнге дейін мерзімі өткен	257,625	0%	518
270 күннен астам	1,234,005	17%	211,380
	7,210,347	6%	423,547
2019, қайта есептелген			
Мерзімі өтпеген	1,681,807	4%	60,773
90 күнге дейін мерзімі өткен	197,740	74%	147,080
91 күннен 180 күнге дейін мерзімі өткен	263,484	45%	117,588
181 күннен 270 күнге дейін мерзімі өткен	81,576	0%	–
270 күннен астам	2,767,698	8%	210,602
	4,992,305	11%	536,043

27. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

Ақша қаражаты және банк депозиттері

Ақша қаражаты мен банк депозиттеріне қатысты кредиттік тәуекелді Топ басшылығы компанияның саясатына сәйкес қадағалап, бақылайды. Бос ақша қаражаты Fitch Ratings мынадай кредиттік рейтингтері бар қазақстандық банктерде белгіленген шектерде орналастырылады:

мың теңге	2020	2019, қайта есептелген
«BBB –» рейтингтері	26,365,950	4,299,542
«BB+»-тен «BB –» - ке дейінгі рейтингтер	4,028,355	235,900
«B+»-тен «B –» - ке дейінгі рейтингтер	4,234,422	6,626,871
Рейтингі жоқ	1,935	1,604
	34,630,662	11,163,917
Құнсыздану	250,067	–
Күтілетін шығындар пайызы	1%	0%

Бұл саясат кредиттік тәуекелдің шоғырлануын төмендетуге және банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамаған кезде ықтимал қаржылық ысыраптарды барынша азайтуға бағытталған. Есепті күндердегі ақша қаражатының құнсыздануына арналған ықтимал резерв елеусіз болды.

(в) Өтімділік тәуекелі

Топ өтімділік тәуекелін болжанған ақшалай қаражат ағындарын қадағалау арқылы басқарады және активтерді бөліп-бөліп сатып алу арқылы одан әрі қаржыландыру және икемділік арасындағы теңгерімді сақтайды.

Қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдері

Төмендегі кестеде есептік күн мен келісімдік өтеу күні кезеңдеріне негізделген өтеу мерзімі бар тиісті топтардағы жиынтық негізде өтелетін Топтың қаржылық міндеттемелерінің талдауы көрсетілген:

мың теңге	Талабы бойынша	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Бес жылдан астам	Барлығы
2020						
Қарыздар және қаржылық жалдау	–	–	28,926,022	200,850	–	29,126,872
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер	374,988	–	50,256	155,354	776,769	1,357,367
Сауда және өзге кредиторлық берешек	103,061	7,832,641	760,398	79,549	157,568	8,933,217
Кепілдік міндеттемелері	–	2,861,164	–	–	–	2,861,164
	478,049	10,693,805	29,736,676	435,753	934,337	42,278,620
2019, қайта есептелген						
Қарыздар және қаржылық жалдау	–	–	29,361,594	628,964	–	29,990,558
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер	374,857	–	38,838	155,354	776,769	1,345,818
Сауда және өзге кредиторлық берешек	7,069,892	8,825,814	1,167,233	53,391	135,576	17,251,906
Кепілдік міндеттемелері	–	217,605	–	–	–	217,605
	7,444,749	9,043,419	30,567,665	837,709	912,345	48,805,887

Қарыздарға есеп күніне әрекет ететін пайыздық мөлшерлеме негізінде есептелген күтілген келешектегі пайыздық төлемдер жатады. Сауда және өзге кредиторлық берешек құрамындағы артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер резерві 25 жылдық келешек төлемдерді қамтиды және дисконтталмаған негізде көрсетілген.

(г) Баға тәуекелі

Топ тауарларды (қызметтерді) сатудан кейін бағаның өзгеруіне түзету енгізбеу арқылы келісім-шарттар жасайды, сондықтан нарықтық тәуекелге бейім емес.

27. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

(ғ) Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Топ өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдары жоқ және ол пайыздық мөлшерлеме тәуекеліне бейімді емес.

(д) Валюта тәуекелі

Топ функционалды валютадан өзгеше валютадағы операцияларды жүргізген кезде валюталық тәуекелге бейімді.

Топтың валюталық тәуекелге бейімділігі төмендегідей болды:

мың теңге	АҚШ доллары	Ресей рублі	Евро
2020			
Сауда және өзге кредиторлық берешек	776,693	322,972	7,226
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	166,889	1,175,854	483,506
Сауда және өзге кредиторлық берешек	(2,339,944)	(1,085,928)	(220,135)
	(1,396,362)	412,898	270,597
2019, қайта есептелген			
Сауда және өзге кредиторлық берешек	808,575	562,110	(24,131)
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	1,109,775	349,201	421,196
Сауда және өзге кредиторлық берешек	(2,880,369)	(1,341,394)	(169,567)
	(962,019)	(430,083)	227,498

Сезімталдықты талдау

Доллардың 10% нығаюуы келесі валюталарға қатысты 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салық салудан кейін кірістің төменде көрсетілген сомаға ұлғаюуына (азаяуына) әкеп соқтырар еді. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалады деп болжайды.

мың теңге	2020	2019, қайта есептелген
АҚШ доллары	(111,709)	(76,962)
Евро	21,648	18,200
Ресей рублі	33,032	(34,407)

31 желтоқсанға теңге бағамының жоғарыда аталған валюталарға қатысты 10% күшеюі, барлық өзге айнымалылар өзгермейтін жағдайда, шамалас, бірақ қарама-қайшы әсерге ие болуы мүмкін еді.

(е) Капиталды басқару

Капиталды басқаруға қатысты Топтың негізге мақсаты – Компанияның шаруашылық қызметін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және үздіксіз негізде жүргізу, сондай-ақ, Топ капиталы құнын төмендету арқылы иегерлер мен басқа мүдделі тараптардың табысын өсіру үшін капиталдың оңтайлы құрылымын сақтау. Топтың жалпы саясаты 2019 жылдан бері өзгермеген.

28. Шартты және әлеуетті міндеттемелер

(а) Қазақстандағы салық салудағы шартты міндеттемелер

Салық заңнамасын түсіндірудегі белгісіздік

Топ өзінің салық міндеттемелеріне байланысты белгісіздікке бейім. Қазақстандағы салық заңнамасы мен салық практикасы үздіксіз жетілдіріліп отырады және сондықтан ретроспективті түрде қолданылуы мүмкін өзгерістер мен түрлі түсіндірулерге бейім.

Топ басшылығының заңнаманы Топтың мәмілелері мен қызметін түсіндіруі салық органдарын түсіндірмелерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде, мәмілелер мен операциялар тиісті салық органдары тарапынан наразылық тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі ықтималы Топтан қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды өндіріп алуға әкелуі мүмкін.

27. Шартты және әлеуетті міндеттемелер, жалғасы

Қосымша салық салу кезеңі

Қазақстандағы салық органдары тиісті салық кезеңінің аяқталуынан кейінгі үш немесе бес жыл ішінде қосымша салықтарды өндіріп алуға құқылы. Салық заңнамасында көзделген жағдайларда бұл мерзім үш жылға ұзартылуы мүмкін.

Ықтимал қосымша салық міндеттемелері

Басшылық Топтың Қазақстанда қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына, сондай-ақ оның қызметіне әсер ететін шарттардың салықтық шарттарына сәйкес келетінін және сондықтан да қосымша салық міндеттемелері туындамайтындығына сенеді. Соған қарамастан, жоғарыда айтылған себептер бойынша, тиісті салық органдарының келісімшарттық ережелер мен салық заңнамасының талаптарын басқаша түсіндіру қаупі сақталады.

Нәтижесінде қосымша салық міндеттемелері туындауы мүмкін. Алайда, жоғарыда сипатталған кез-келген белгісіздік салдарынан ықтимал қосымша салық міндеттемелерін есептеу кезінде, басшылық салықтық міндеттемелердің қаржылық әсерін, сондай-ақ Топтың төлеуге міндетті айыппұлдар мен өсімпұлдарды бағалауы орынсыз.

(ә) Сақтандыру

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы даму сатысында, ал басқа елдерде кеңінен таралған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда әлі де қол жетімді емес. Қолданыстағы сақтандыру елеулі шығындар болған жағдайда толық өтемді қамтамасыз етпейді.

(б) Соттық қуынымдар

Әдеттегі қызмет барысында Топқа қарсы соттық қуынымдар орын алуы мүмкін. Басшылық осындай әрекеттер мен талаптардан туындайтын түпкілікті жауапкершілік, егер болса, Компанияның қаржылық жағдайына және нәтижелеріне әсер ететін жағымсыз салдарға әкеп соқтырмайды деп санайды. 2020 жылдың 31 желтоқсанына Компания қандай да бір елеулі сот ісін жүргізуінде қатысқан жоқ.

(в) Капитал шығындары бойынша міндеттемелер

Топта күрделі жөндеу және негізгі құралдарды салу бойынша міндеттемелер бар. Осы жұмыстар бойынша міндеттемелердің жалпы сомасы 2020 жылдың 31 желтоқсанына 2,583,472 мың теңгені құрады.

29. Байланысты тараптармен жасалған операциялар

Байланысты Тараптар мыналарды қамтиды:

- Негізгі басшылар.
- Бірлескен және Қауымдасқан кәсіпорындар.
- Мемлекеттік органдар мен ұйымдар.

(а) Басшылық сыйақысы

мың теңге

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар

Лауазымды тұлғалардың саны

	2020	2019
Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар	417,652	321,197
Лауазымды тұлғалардың саны	58	50

Негізгі басшылар алған сыйақылар әкімшілік шығыстардың бір бөлігі ретінде жалақы шығындарына кіреді (8 ескертпені қараңыз).

29. Байланысты тараптармен жасалған операциялар, жалғасы

(ә) Байланысты тараптармен жасалған операциялар

Топ бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындармен келесі операциялар және олар бойынша қалдықтар болды:

мың теңге	2020	2019
Операциялар		
Сатып алу	(448,222)	(22,387,131)
Берілген қарыздар және есептелген пайыздар	166,106	166,350
Қалдықтар		
Берілген қарыздар және дебиторлық берешек	5,790,011	13,835,248
Күмәнді берешек бойынша резервтер	(701,231)	(1,090,887)
Алынған қарыздар және кредиторлық береше	(2,923,985)	(96,670)

(б) Мемлекетпен байланысты ұйымдармен операциялар

Топ компанияға айтарлықтай әсер ететін келесі мемлекеттік органдар мен ұйымдардан тауарлар жеткізуді жүзеге асырды (қаржылық қызметтер алды):

мың теңге	2020	2019
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	47,104,799	50,924,999
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	19,925,642	2,028
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	(213,118)	(214,302)
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	5,521,193	5,756,742
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	4,299,836	5,635,569
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	2,242,657	2,103,701
Ақмола облысы әкімінің аппараты	2,210,304	1,790
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	1,845,570	1,652,537
Қостанай облысы әкімінің аппараты	1,726,040	–
Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы	1,169,318	–
Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	494,433	31
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	139,950	–
Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы	75,925	29,000
Павлодар облысы әкімінің аппараты	111,550	–

(в) Байланысты тараптармен жасалған операциялардың шарттары

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың бағасының жасалуы операция сипатына қарай тұрақты негізде анықталады.

30. Топ туралы ақпарат

Шоғырландырылған есептілік компанияның және оның Қазақстандағы төмендегі еншілес кәсіпорындарының есептілігін қамтиды:

	Негізгі қызмет	Иелену %	
		2020	2019
«Семей инжиниринг» АҚ	Машина жасау	100.0%	100.0%
«Тыныс» АҚ	Машина жасау	99.2%	99.2%
«С. М. Киров зауыты» АҚ	Машина жасау	98.9%	98.9%
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Машина жасау	100.0%	100.0%
«Орал «Зенит» зауыты» АҚ	Машина жасау	95.4%	95.4%
«Машина жасау зауыты» АҚ С. М. Киров»	Машина жасау	97.7%	97.7%
«Мұнаймаш» АҚ	Машина жасау	52.0%	52.0%
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	Машина жасау	99.4%	99.4%
«Қазтехнологиялар» АҚ	Машина жасау	100.0%	0.0%
«Гидроприбор» ФЗИ» АҚ	Зерттеу және әзірлеу	90.0%	90.0%
«КИ 811-ші автожөндеу зауыты» АҚ	Машина жасау	100.0%	100.0%
«Research & Development центр» ЖШС	Зерттеу және әзірлеу	100.0%	100.0%
«КазИнж Электроникс» ЖШС	Машина жасау	100.0%	0.0%

31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ келесі негізгі есеп саясатын дәйекті түрде қолданды.

(а) Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар Топтың функционалдық валютасына осы операцияларды жүргізу күніндегі айырбастау бағамы бойынша аударылады. Есептік күндегі шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күнде әрекет еткен айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құн анықталған күні, ал операция жасалған күнгі тарихи құн бойынша бағаланған бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Операция жасалған күнгі бағам бойынша қайта есептеу, сондай-ақ есептік күндегі бағам бойынша ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу кезіндегі айырбастау бағамдары кіріс пен шығыс туралы есепте көрсетіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында келесі валюта бағамдары қолданылды:

	2020		2019	
	Жыл соңы	Орташа	Жыл соңы	Орташа
АҚШ доллары	420.71	412.95	381.18	382.75
Евро	516.13	471.44	426.85	428.51
Ресей рублі	5.65	5.73	6.17	5.92

(ә) Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Мойындау және есеп жүргізу

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар нысандары жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындарды шегеруден кейінгі сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

Құн құрамына активті сатып алуға тікелей байланысты шығындар кіреді. Шаруашылық тәсілмен жасалған немесе салынған активтердің құнына материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құны, активті қолдану мақсатында жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез-келген басқа шығындар, сонымен қатар, заттарғы демонтаж және жоюға, қолданыстағы алаңды қалпына келтіруге және қарыздар қатысты шығындар мен қарыздар бойынша капиталданған шығындар жатады. Тиісті жабдықтың функционалды ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынатын бағдарламалық жасақтама осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

Егер жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құрамы өртүрлі пайдалы қызмет мерзімінен тұратын жекелеген құрамдас бөліктерден тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жекелеген нысаны (маңызды құрамдас бөлігі) ретінде есепке алынады.

31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Негізгі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысанының шығып қалуы кезіндегі табыс немесе шығынның кез-келген сомасы оның теңгерімдік құнымен шығып қалудағы түсімді салыстыру арқылы анықталады және таза табыстың немесе шығын құрамында «басқа кірістер» немесе «басқа шығындар» жолында нетто-негіз ретінде танылады.

Кейінгі шығындар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың бір бөлшегін (елеулі құрамдас бөлігін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер Топта осы бөлікке байланысты болашақта экономикалық пайдаға ие болу ықтималдылығы жоғары болса және оның құнын сенімді түрде анықтай алса, осы нысанның теңгерімдік құнын ұлғайтады. Ауыстырылған бөлшектің теңгерімдік құны шығынға жазылады. Негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуге және күтіп ұстауға жұмсалатын шығындар пайда болған уақытта кіріс пен шығыстарда көрсетіледі.

Тозу

Тозу активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде оның қалдық құнына дейінгі біркелкі тәсіл арқылы есептеледі. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі:

- ғимараттар мен құрылыстар 24-53 жыл;
- машиналар мен жабдықтар 7-15 жыл;
- өзге 4-6 жыл.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі мен қалдық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады.

(б) Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер — бұл, негізінен, Топтың шектеулі мерзімі бар бағдарламалық жасақтамасы, және жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі (сатып алу құны және оны мақсатты пайдалану үшін активті дайындауға тікелей байланысты кез-келген шығындарды қамтитын) құн бойынша есептеледі.

Амортизация

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі 2 жылдан 5 жылға дейін. Амортизация барлық пайдалы қызмет мерзімі ішінде біркелкі тәсіл бойынша есептеледі.

(в) Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Сатып алынған инвестициялық жылжымайтын мүліктің бастапқы құны сатып алу бағасын, сондай-ақ оны сатып алуға тікелей қатысты кез келген шығындарды (кәсіби заң қызметтеріне ақы төлеу, жылжымайтын мүлікті беруге салынатын салықтар және мәміле бойынша өзге де шығындар сияқты) қамтиды.

Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқы құны бойынша ескеріледі.

(г) Еншілес және қауымдастырылған мекемелерге жасалған инвестициялар

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алғаннан кейін туындайтын бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың таза активтерінің өзгерістеріндегі топтың үлесін тану салдарынан кейіннен ұлғаяды немесе азаяды.

Кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есеп бірлескен және Қауымдасқан кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі топтың үлесін көрсетеді. Бұдан басқа, егер бірлескен немесе қауымдасқан кәсіпорынның капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алған болса, топ осындай өзгерістің өз үлесін таниды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылатын кезде осы фактіні ашады. Топ пен бірлескен және Қауымдасқан кәсіпорындар арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған кірістер мен шығындар бірлескен немесе қауымдасқан кәсіпорындардағы үлес шегінде алып тасталады.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың қаржылық есептілігі топтың есептілігімен бірдей есепті кезеңде дайындалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Бірлескен немесе қауымдасқан кәсіпорынға елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда топ қалған инвестицияларды өділ құны бойынша бағалайды және таниды. Бірлескен немесе қауымдасқан кәсіпорынға инвестициялардың елеулі ықпалын жоғалту немесе бірлескен бақылау сәтіндегі баланстық құны мен қалған инвестициялардың өділ құны және істен шығудан түскен түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залалдың құрамында танылады.

(ғ) Құнсыздану

Құнсызданудың бар болуын тексеру үшін ұзақ мерзімді активтердің теңгерімдік құнын талдау оқиғалар немесе жағдаяттардың өзгеруі олардың теңгерімдік құны өтелмейтіндігі туралы ықтималдылықты дәлелдегенде жүргізіледі. Құнсыздану белгілері болған жағдайда активтердің теңгерімдік құны оларды өтейтін құнынан асатынын анықтауға мүмкіндік беретін бағалау жүргізіледі. Мұндай талдау өз алдына ақша түсімдерін әкелетін активтерді санамағанда әрбір активке жеке жүргізіледі. Осындай жағдайда талдау ақша түсімдерін әкелетін бөлімше деңгейінде жүргізіледі.

Егер активтің немесе ақша түсімдерін әкелетін бөлімшенің теңгерімдік құны оны өтейтін құннан асса, активті аз құнымен көрсететін резерв құрылады. Құнсызданудан болған шығындарды (шығындар) қалпына келтіру кіріс пен шығыста танылады.

Өтелетін соманы есептеу

Активтің өтелетін құны сатуға кеткен шығындарды шегере отырып, оны пайдаланудың құндылығының ең үлкен шамасы мен активтің өділ құны ретінде анықталады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде болжанған келешектегі ақша ағындары осы активке тән тәуекелдер мен ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды қамтитын салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өз алдына ақша түсімдерін әкелмейтін активтердің құны ақша түсімін әкелетін бөлімшенің өтелетін құнының құрамында анықталады.

Құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру

Құнсызданудан болған бұрын танылған шығын өтелетін соманы анықтаудағы бағалауда өзгерістер болса қайта қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығын, егер құнсызданудан болған шығын танылмай, активтің теңгерімдік құны тозу немесе амортизацияны шегеру арқылы анықталған теңгерімдік құннан аспайтын деңгейде ғана қалпына келтіріледі.

(д) Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең аз мөлшері бойынша анықталады: өзіндік құны немесе сатудың таза бағасы. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны орташа өлшемделген тәсіл бойынша анықталады және оның құрамына тауар-материалдық қорларды сатып алу, шығару немесе қайта өңдеу шығындары, сондай-ақ, қорды қазіргі орнына жеткізу және тиісті жай-күйді қамтамасыз ету шығындары кіреді. Сатудың таза бағасы қорларды өндіруді аяқтау мен сатуға кеткен шығындар шегеріліп, мекеменің әдеттегі қызметі кезінде тауар-материалдық қорларды сатудың болжанған (есептік) бағасы болып табылады.

(е) Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек болжанған несиелік шығындарды шегере отырып, ұсынылған шоттың сомасымен танылады және пайыздар кірмейді.

Әр есептік кезеңнің соңында Топ қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы құнсызданғаны туралы шынайы дәлелін бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті танудан кейін болған (бұдан әрі - «актив оқиғасы») бір немесе бірнеше оқиға нәтижесінде құнсызданудың шынайы дәлелі бар кезде және актив оқиғасы сенімді түрде бағалана алатын осы қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобынан келген болжанған келешектегі ақша ағындарына әсер етсе, тиісті шығындарды тану арқылы құнсызданады.

Шығын сомасы активтің ағымдағы құны мен осы активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған болжанған келешектегі ақша ағындарының келтірінді құны арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса және осы азаю құнсыздануды танудан кейін болған оқиғаға шынайы түрде жатқызылуы мүмкін болса (мысалы, дебитордың кредит рейтингі жақсару нәтижесінде) бұрын көрсетілген құнсыздану сторносы кіріс пен шығыс есебінде танылады.

(ж) Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Ақша қаражатына банктердегі талап бойынша қол жетімді және құн өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшыраған ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша кіреді.

31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(з) Қарыздар

Қарыздар бастапқыда алуға тікелей жатқызылатын мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, алынған қаражаттың әділ құны бойынша танылады. Бастапқы танудан кейін қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

(и) Зейнеткерлік міндеттемелер

Топта жұмыс берушіден және қызметкерден жалақыдан белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелген ағымдағы шегерімдерді талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, қосымша зейнетақы жоспарлары жоқ.

(к) Табыстар

Тауарларды сату немесе қызмет көрсету («активтер») келісім-шартына отырғанда, Топ сатып алушымен отырған шарт бойынша уәделенген активті бағалайды, және өзге болған активті немесе біркелкі болған және сатып алушыға біркелкі үлгіде берілетін бірқатар өзге активтерді сатып алушыға беретін әр уәдені орындайтын талап ретінде анықтайды.

Қызмет көрсетуден түсім

Қызмет көрсетуден түсім қызмет көрсетілген кезеңде көрсетіледі. Бағасы белгіленген келісімшарттар бойынша түсім іс жүзінде көрсетілген қызметтердің кезеңінде негізгі келісілген қызмет көлемі бойынша және аяқталған пайыз негізінде анықталады.

Егер келісімшарт бірнеше атқару міндеттерінен тұрса, сату бағасы әрқайсысына бөлек баға ретінде үлестіріледі.

Егер бақыланатын бөлек бағалар болмаса, сату бағасы болжамды шығындар мен маржа негізінде үлестіріледі. Егер келісім жабдықтауды қосатын болса, жабдықтаудан түскен кіріс сол жабдықты жеткізгенде, сатып алушыға меншік құқығы өтіп, оны қабылдаған уақытта көрсетіледі.

Жағдай өзгерген кезде кірістер, шығыстар және аяқталу пайызы қайта қаралады. Түсімнің әр көбеюі мен азаюы бағалаудың өзгеруінен болған кірістер мен шығыстар есебінде басшылыққа жағдай белгілі болған кезеңде көрсетілу керек.

Егер келісімшарт бағасы белгіленген болса, сатып алушы төлем төлеу кестесіне сәйкес төлемдерді жүргізеді. Егер көрсетілген қызметтердің құны төлемдерден артық болса, келісімшарт активі көрсетіледі. Егер төлемдер көрсетілген қызметтер құнынан артық болса, келісімшарт міндеті көрсетіледі.

Қаржыландыру компоненті

Топта тауар сату/қызмет көрсету және төлеу кезеңдері бір жылдан асатын келісімшарттары жоқ. Соның салдарынан сату құны ақшаның уақытша құнына түзетілмейді.

(қ) Қарыз бойынша шығындар

Сатып алу, құрылыс немесе активті өндіру, пайдалануға беруге тікелей қатысты немесе оларды сату біраз уақыттан кейін орын алатын кезде, қарыз бойынша шығындар осы активтің құнына қосу арқылы капиталданады. Барлық өзге қарыз бойынша шығындар табыс пен шығын құрамында танылады.

(л) Табыс салығына байланысты шығындар

Табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы табыс салығы мен кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы бойынша шығындар капиталда танылған операцияларға жататын бөлікті қоспағанда, кірістер мен шығыстарда танылады, бұл жағдайда ол сондай-ақ капиталда танылады.

Ағымдағы табыс салығы – салық салынатын пайдаға қатысты төленетін салық сомасы, сондай-ақ өткен жылдардағы табыс салығын төлеу бойынша міндеттеме сомасына барлық түзетулер.

Кейінге қалдырылған салық қаржы есептемесі мен салық салу мақсаттары үшін пайдаланылған сомалар бойынша активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтау арқылы баланстық әдіспен анықталады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, бухгалтерлік теңгерім күніне күшінге енген немесе нақты күшіне енген салық салу (және салық заңнамасының) мөлшерлемесі негізінде активті сату немесе міндеттемелерді өтеу мерзіміне қолданылатыны күтілсе, салық салу мөлшерлемесі бойынша бағаланады.

31. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активі осы актив сомасына азайтыла алатын салық салынатын табысты болашақта алу ықтимал болса, сол мөлшерде ғана танылады. Кейінге қалдырылған активтердің сомасы тиісті салық жеңілдігін қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сол көлемге азаяды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық міндеттемелері есебіне ағымдағы салық активтерін алу заңды түрде бекітілген болса және егер кейінге қалдырылған салықтар бір салық нысанына және салық органына жатса, есепке алынады.

(м) Қаржы құралдары

Тану

Топ қаржы активтері мен міндеттемелерін осы құрал бойынша шарттық тарабы болған жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте таниды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өзара есебі қаржылық жағдай бойынша есептегі жиында көрсетілгендей, танылған сомаларды өзара есептеу заңды бекітілген құқығы бар және таза табыс/шығыс тәсілі бойынша немесе бір уақытта міндеттемелерді өтеп, активті сату ниеті бар жағдайда жүзеге асырылады.

Бағалау

Қаржы активтерін және міндеттемелерін бастапқы тану кезінде олар төленген немесе тартылған өтемақы ретіндегі, сондай-ақ мәміле бойынша тікелей шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша бағаланады. Бастапқы тану кезінде табыс немесе шығын, бастапқы тану кезінде тікелей капиталда танылған иеленушілерге (иеленушілерден алынған) қарызды, табыс пен шығынды есепке алмағанда, кірістер мен шығыстарда танылады. Бастапқы танудан кейін, иеленушілерге берілген қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизация құны бойынша бағаланады.

Бағаланған әділ құнды анықтау кезінде инвестицияларды мәміле жасалған күнгі нарықтық бағамдары бойынша бағалайды. Белсенді нарыққа салынған инвестициялардың бағалары болмаған кезде, олардың әділ құны ұқсас сауда-саттық құралдарының нарықтық бағаларын пайдалана отырып анықталады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активті тануды тоқтату, егер Топ активке қатысты шарттық құқықтарды бақылауды жоғалтса, тоқтатылады. Бұл жағдай құқықтар іске асырылған, берілетін немесе күшін жойған кезде орын алады. Қаржылық міндеттемелерді тану оны өтеген жағдайда тоқтатылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ қаржы активі бойынша амортизацияланған құнмен бағаланатын болжалды несиелік шығындардың бағаланған резервін 12 айлық болжалды несиелік шығындарға тең сома мөлшерінде таниды. Саудалық дебиторлық берешек бойынша Топ шығындардың бағаланған резервін барлық мерзім ішіндегі болжалды несиелік шығындарға тең сома мөлшерінде бағалайды. Әрбір есептік күнде Топ қаржы құралы бойынша шығындардың бағаланған резервін егер осы қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танудан кейін өскен болса, барлық мерзім ішіндегі болжалды несиелік шығындарға тең сома мөлшерінде бағалайды.

32. Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар

Қарыздарды өтеу мерзімін ұзарту туралы келісім

2021 жылдың мамыр айында Топ Қазақстан Халық Банкімен жасалған банк қарызы келісім-шарты бойынша қосымша келісімге қол қойдып, қарыз бен есептелген пайызды өтеу мерзімін 2021 жылдың 1 тамызына дейін ұзартты.

Осы шоғырландырылған қаржылық есепті бекіту күніне Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 22,815,352 мың теңге және «Самұрық-Қазына» Ұлттық өл-ауқат қоры» АҚ 5,694,992 мың теңге мөлшеріндегі берешекті өтеу тәртібі туралы келісімді дайындауда. Келісім 2021 жыл ішінде 5,451,495 мың теңге, 2022 жылы 20,640,294 мың теңге, 2023 жылы 1,810,304 мың теңге және 2024 жылы 2,986,014 мың теңгені қоса алғанда 2024 жылдың 1 ақпанына дейін кредиторлардан алған қарыз үлесіне сәйкес пропорция бойынша борышты қайтару шарттарына қарай Топ активтерін сатудан болған қаражат есебінен берешек пен есептелген пайыздарды өтеу кестесін қарастырады.

Еншілес мекемелерді сату жоспары

2021 жылдың ақпан айында Топ басшылығы 2021-2025 жылдар арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру жоспары аясында Компанияның еншілес және біріккен мекемелерінің акциялар пакетін толықтай немесе бақылау пакетін сатуды қамтитын активтерді қайта құрылымын жасау жоспарын бекітті.

32. Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар, жалғасы

Қосымша салық міндеттемелерін жою

2020 жылдың қыркүйек және 2021 жылдың мамыр айы аралығында Компанияның шағымдарын қарау нәтижесінде Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің апелляциялық органы 2020 жылдың 7 тамызындағы 2015-2017 жылдардағы Компанияға қатысты жалпы сомасы 6,477,815 мың теңгені құрайтын корпоративті табыс салығы мен қосымша құн салығы бойынша қосымша салық міндеттемелерін жүктейтін салық тексеру нәтижелері бойынша хабарламаны жойды.

Есептік кезеңінен кейін басқа маңызды оқиғалар орын алған жоқ.